

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық актілердің күшін жою туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 45/03 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы". "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес және Қарағанды облысы Әділет Департаменті басшысының орынбасары Н. Кенжебаеваның 08.04.2016 жылғы №8-18/1629 хатына орай, аудан әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаарқа ауданы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылған болып танылсын:

1) Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 05 шілде 2011 жылғы. №172 "Жаңаарқа ауданындағы кәсіпорындары мен ұйымдарында мүгедектерге, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы (мемлекеттік тіркелім № 8-12-109, 11.07.2011 ж., "Жаңаарқа" газетінің 2011 жылғы 13 тамызындағы №34 (9459) санында жарияланған);

2) Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 01 қазан 2012 жылғы №43/01 "Жаңаарқа ауданындағы кәсіпорындары мен ұйымдарында мүгедектерге, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2011 5-шілдедегі № 172 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" қаулысы (мемлекеттік тіркелім № 1952 23.10.2012ж, "Жаңаарқа" газетінің 2012 жылғы 10 қарашадағы №50 (9522) санында жарияланған) ;

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Қ.Қожықаев), мемлекеттік-құқықтық бөліміне (Р. Кошмагамбетова) жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылуына байланысты тиісті шаралар жүргізу тапсырылсын.

Аудан әкімі

Ф. Омаров